



010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 14
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

010000, город Нур-Султан, проспект Мәңгілік Ел, 14
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

15.07.2022 № 2-010324-22-60807

17.06.2022 ж. №ДС-199

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына
(тізім бойынша)

Құрметті депутаттар!

Бас прокуратура балық ресурстарын заңсыз алғаны үшін жазаны жеңілдету және күтім балығын жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерінің тізбесінен алып тастау мәселелеріне қатысты депутаттық сауалды қарады.

Жазаны жеңілдету бойынша

Мемлекет басшысы 02.09.2019 жылы «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына жолдауында **браконьерлік қылмыстар бойынша жазаны күшейтуді тапсырды.**

Тапсырма екі кезеңде жүзеге асырылды.

Браконьерлік үшін қылмыстық жауаптылықты күшейтудің бірінші кезеңі агроөнеркәсіптік кешенді реттеу мәселелері бойынша 2019 жылғы 28 қазандағы Заң шеңберінде іске асырылды.

Балық ресурстарын заңсыз алу (ҚК-нің 335-бабы) неғұрлым қатаң жауаптылыққа әкеп соғатын, жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлеріне, сондай-ақ пайдалануға тыйым салынған жануарларға қатысты қылмыс жасауды көздейтін саралау белгісімен толықтырылды.

Сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген, сондай-ақ пайдалануға тыйым салынған өсімдіктер мен жануарлар түрлерін, олардың бөліктерін немесе дериваттарын заңсыз қолданғаны үшін қылмыстық жауаптылық қатаңдатылды (ҚК-нің 339-бабы).

Екінші кезеңде 2019 жылғы 27 желтоқсандағы түзетулермен ҚК-нің 335-бабының 1, 2-бөлімдері қылмыстық теріс қылықтардан ауырлығы орташа қылмыс түріне, ал 3, 4-бөлімдері ауыр қылмыстар санатына ауыстырылды.

Аталған қылмыстар бойынша соттар негізінен бас бостандығынан шектеу жазасын қолданатынын атап өткен жөн.

Анықтама ретінде: 2021 жылғы 12 айда ҚК-нің 335-бабы бойынша республика бойынша соттар **143** адамды соттаған, оның ішінде тек **18** адам, яғни **12,5%-ы** бас бостандығынан айырылған (оның **11-і** 3 жылға дейінгі мерзімге). Бас бостандығынан шектеу жазасы **114** адамға қатысты тағайындалған (**79%**).

Осы кезеңде ҚК-нің 339-бабы бойынша **181** адам, оның **54-і** (29,8%) бас бостандығынан айыру (оның **19-ы** 3 жылға дейін, **35-і** ұзақ мерзімге), **118-і** немесе **65%-ы** бас бостандығын шектеу жазаларына сотталған.

Күтім балығы бойынша

Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің (бұдан әрі – Министрлік) мәліметіне сәйкес 2022 жылғы наурыздан бастап «Казэкопроект» ЖШС Каспий теңізінде ғылыми зерттеулер жүргізуде (аяқталуы шілде айының соңына жоспарлануда).

Осы ғылыми зерттеулердің қорытындысы бойынша Министрлік күтім балығын жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлердің тізбесінен алып тастау мәселесін қарастыратынын хабарлаймыз.

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының м.а.

Т. Тәшімбаев

орынд. Изимов М.Е.
тел.712990

Тізім

1. С.С. Еруббаев
2. А.Т. Перуашев
3. Е.Х. Барлыбаев
4. Б.С. Дүйсенбинов
5. А.Р. Әбілдаев
6. Д.М. Еспаева
7. А.Қ. Жұмабаева
8. Қ.Ж. Иса
9. А.Г. Линник
10. Е.Қ. Өмірғали
11. М.Б. Раманқұлов
12. Ғ.Б. Хамзин
13. С.Ж. Нақпаев
14. Д.Н. Тұрғанов
15. А.С. Құспан



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

13.07.2022 № 384

Нұр-Сұлтан қаласы

№ _____

город Нур-Султан

Міндеттерді атқаруды жүктеу туралы

«Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабының 4) тармақшасына, «Құқық қорғау қызметі туралы» Заңының 39-бабының 1-тармағына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

Еңбекке уақытша қабілетсіздігіме байланысты **2022 жылдың 13 шілдесінен бастап** Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының міндетін атқаруды Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының бірінші орынбасары **Т.Ғ. Тәшімбаевқа** жүктеймін.

Қазақстан Республикасының
Бас Прокуроры

Б. Асыллов

